ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 қыркүйек № 4360-23-00-2/2094 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру
3.Шартты бұзу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінешартты бұзу, мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбынөндіру сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талап қоюшы «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен жауапкер «Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің арасындағы 2023 жылғы 15 ақпандағы №4 шарт бұзылсын.

Жауапкер «Arai LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 11 970 (он бір мың тоғыз жүз жетпіс) теңге тұрақсыздық айыбы мен 3 809 (үш мың сегіз жүз тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Төраға Б.Е.Елшібеков

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «15» қараша 2023 жыл.

Төраға Б.Е.Елшібеков

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 06.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 15.11.2023